

# Қос тарап та қақтығысты тоқтатуға мүдделі болмай отыр. НЕГЕ?

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысында «Бүгінде әлем санкциялық қысым әдістері, негізгі жаһандық мәселелерді шешуде кереғар тәсілдер алдыңғы қатарға шыққан күрделі халықаралық жағдайдың шиеленіскен қауіпті кезеңіне қадам басты. Өзара сенімнің жетіспеушілігі қазіргі заманның басты ерекшелігіне айналды» деп айқындауы қазіргі әлемдік саясаттағы шынайы жағдайды керсетеді.

Қазіргі халықаралық тәртіп саяси алауыздықпен, ғаламдық қарулы қақтығыстармен, экономикалық төңсіздікпен, өлеуметтік әділетсіздікпен, этникалық, территориялық шиеленіспен, ұлттық ымырасыздықпен ерекшеленіп отыр. «Халықаралық тәртіп дегеніміз – халықаралық қауымдастықтың негізін құрайтын өлемнің барлық елдері арасындағы қалыптасқан қатынастар жүйесі, экономикалық және саяси ынтымақтастықты реттеуші ережелер мен нормалардың жиынтығы». Қазіргі таңда, осы нормалар мен ережелер, қағидаттар дұрыс деңгейде сақталмай отырғандығы алаңдаушылық туғызады.

1991 жыл КСРО күйреуімен бірге Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырауы нәтижесінде өлемдік саясатта бір полярлы жүйе, яғни АҚШ гегемониясын құру туралы идеямен ерекшеленеді. Бұл өз кезегінде ХХІ ғасырдағы қайшылықтар мен қақтығыстарды тудыруда. Қазіргі кездегі геосаясаттағы басты төкетірес АҚШ бастаған Батыс өлемі мен Ресей Федерациясы арасында жүріп жатыр. Өйткені, Ресей 2008 жылдан бастап АҚШ гегемониясын орнатуға наразылық білдіріп, көп полярлы жүйе құруды ұстаным ретінде алға тартып келеді.

Украина үшін теңіз жолдарына шығудың қиындығын тудырады. Халықаралық су жолдарына деген қолжетімсіздік Мариуполь, Бердянск сияқты Азов теңізінің жағалауында орналасқан маңызды қалалардың экономикалық тоқырауын туғызуы мүмкін. Азов теңізі бассейні Ресей үшін де аса қажет, өйткені Волгоград, Саратов, Самара, Қазан, Новгород сияқты қалаларын байланыстыратын сауда тораптары үшін маңызды.

2001 жылы Ресей Федерациясының «2020 жылға дейінгі Ресей Федерациясының Теңіз доктринасы» қабылданып, құжатта: «Қара және Азов теңіздері Ресейдің ұлттық теңіз саясатының негізі» деп айқындалған. Сонымен қатар, 2022 жылы 31 шілдеде қабылданған «Ресей Федерациясының Теңіз Доктринасы» құжатында: «Азов және Қара теңіздері Ресей ұлттық мүддесінің аса маңызды аймақтары» деп берілген. 2017 жылы 20 шілде күні В. Путин «2030 жылдарға дейінгі әскери-теңіз саласындағы Ресей Федерациясының мемлекеттік саясатының негізі» атты құжатқа қол қойған. Осы құжаттың негізінде, Қара теңіз флотының жедел және әскери



ұстаным ретінде алға тартып келеді. Ресей Федерациясының 2008 жылғы Сыртқы саясат тұжырымдамасында Ресейдің ірі әлемдік күш екендігі, сонымен қатар халықаралық күн тәртібін айқындауға ықпалы бар деп танылған. Тұжырымдамада «Жаңа Ресей ұлттық мүдделердің берік тұғырында тұрып, жаһандық істерде толыққанды рөлге ие болады және халықаралық күн тәртібін жүзеге асыруға ғана емес, оны қалыптастыруға да қатысады» деп берілген. Әрине, АҚШ тарапынан Ресейдің мұндай ұмтылысы қарсылық туындатады. 1999 жылы АҚШ әскери-теңіз колледжінің профессоры М.Оуэнс «Naval War College Review» үшін «Классикалық геосаясаттың қажеттілігі» атты мақаласын жариялады. Мақалада, Еуразия кеңістігінде гегемонның пайда болуы АҚШ үшін қауіпті деп санап, оны болдырмаудың жолдарын ұсынады.

2012 жылы жарық көрген З.Бжезинскийдің «Стратегиялық көзқарас: Америка және жаһандық дағдарыс» атты еңбегінде: «Америка үшін бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының тәуелсіздігін нығайту қажет. Егер Америка олардың ұлттық егемендікке деген ұмтылысын тиісті деңгейде қолдай алмаса, мәселен, Украинаның жағдайы өміршең емес болып қала береді» деп негіздеуі де осы саяси мәселелердің көрінісі.

Ал, Еуразия кеңістігінің және Еуропаның аймақтық қауіпсіздігіне тікелей ықпалы бар Украина мен Ресей Федерациясы арасындағы қайшылықтардың негізінен геосаяси және геэкономикалық астары бар. Еуразиялық кеңістіктегі Ресейдің негізгі ұлттық мүдделері бұл – үкіметаралық саяси экономикалық қатынастар жүйесіндегі рөлін арттыру; аймақта Ресейдің экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету; аймақтық энерго ресурстарға бақылау орнату; аймақта тұратын орыстардың құқығын қорғау; Еуразиялық Одақтың шеңберін кеңейту және ынтымақтастықты тереңдету болып табылады.

Ең алдымен Азов және Қара теңіздердегі Ресейдің мүдделерін айқындау керек. Ресейдің Қырымға және Керчь бұғазына бақылау орнатуы Азов теңізінің жағалауларында орналасқан

теңіз флотының жедел және әскери мүмкіндіктерін жетілдіру қарастырылған. Осы құжаттардың астарынан Қырымды қосып алу Ресей үшін геосаясат және экономика жағынан қаншалықты маңызды екендігін түсінуге болады. Егер де Қырымды қосып алғанға дейінгі Қара теңіздегі Ресейге тиісті жағалау 421 шақырым болса, Қырым Ресейдің құрамына қосылғаннан кейін 1200 шақырымға созылды. Қырымға бақылау орнату арқылы Ресей Азов теңізінің 500 шақырым жағалауына ие болды. Сондықтан қазіргі Ресей жүргізіп отырған әскери операциялардың басты саяси астары осы мәселелерден туындайды деп ойлаймыз. Аймақ бірнеше маңызды себептерге байланысты Ресей үшін стратегиялық сипатқа ие.

Біріншіден, 2014 жылы Қырым түбегін аннексиялау түбектің қауіпсіздігі мен қорғаныс мәселесінің өзектілігін арттырды. Осыған байланысты Азов теңізінің де геосаяси маңызы арта түседі.

Екіншіден, Керчь бұғазы мен Қырым көпірінің геосаяси жағдайы Ресейге Азов теңізін толық бақылауға алуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Азов теңізін бақылау Ресейге географиялық жақындығына байланысты Каспий теңізі мен Азов теңізі арасында қарулы күштерін еркін түрде байланыстыруға, Каспий және Азов теңіздеріндегі екі флотилиясын үйлестіруге мүмкіндік алады. Мұның жарқын мысалы ретінде, 2018 жылғы 17 маусымда оңтүстік бағыттағы Қара теңіз бұғаздары Ресей әскери-теңіз күштерінің Каспий флотилиясы 21631 (Буян-М шифры) жобасының «Свияжск Град» және «Великий Устюг» кіші зымыран кемелерін Жерорта теңізіне әскери қызметке жіберуін айтуға болады. Екі кеме де 2018 жылы 16 маусымда Севастопольден шыққан және ішкі су жолдары арқылы Каспий теңізінен Азов теңізіне, содан кейін Севастопольге, Қара теңізге өтті. Ал, 2015 жылдың күзінде Ресей Каспий теңізінде болған кемелерінен Сириядағы ИГИЛ позицияларына алғаш рет соққы бергендігін де ескеру маңызды.

Төртіншіден, Ресей Қырым арқылы бүкіл Шығыс Украинамен жер ұстала баянанысын жүзеге асыру құқығына ие болуға тырысады. Ол үшін орыстар қазіргі уақытта Украинаға тиесілі Азов теңізінің бөлігін толық бақылауға алуға мүдделі.

Енді Украинада жүргізілгелі отырған референдумға қатысты сөз қозғасақ, Донецк, Луганск, Запорожье, Херсон облыстары Қара және Азов теңіздерінің жағалауына жақын орналасқанын аңғарамыз. Яғни референдум астарында Ресейдің геосаяси және геэкономикалық мақсаттары айқындалады.

Референдумға қатысты ел мүддесін Ресей Федерациясының Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары Д.Медведев өзінің Telegram-арнасында: «Донбастық республикалар және басқа да территориялар Ресей құрамына референдумнан кейін қосылды, олардың қорғанысы РФ әскери күштері арқылы қамтамасыз етіледі. Қорғаныс құралы ретінде Ресей қаруының барлық түрін, оның ішінде стратегиялық ядролық және жаңа принциптегі қару қолданылады» деп мәлімдегенін білдіреді.

Әрине, референдум нәтижелерінде Батыс әлемі мен Ресей арасындағы қайшылықтар әскери қақтығыстарға дейін көтерілу қаупі жоғары болып отыр. Егер Батыс әлемі Украинаны қару-жарақпен қамтамасыз етеміз деп мәлімдесе, Ресей басшыларының ресми мәлімдемелерінде ядролық қару ықтималдығы туралы да айтылып қалады. Бұл ретте айта кететін маңызды мәселе әлемнің ірі күштік құрылымдарының ешқайсысы да қақтығысты тоқтатуға мүдделі болмай отырғандығы. Келіссөз алаңында мәселені шешуге еш тарап та мүдделі емес екендігін байқаймыз. Референдум нәтижесі Ресей және НАТО арасындағы әскери конфронтацияның қаупін жоғарылатары сөзсіз.

Мәскеу орыстiлдi диаспораға арқа сүйеу арқылы өзінің мүддесіне сай келетін саясатты ұстанып отыр. 2013 жылы жарияланған Ресей Федерациясы сыртқы саясатының тұжырымдамасында «жұмсақ күш» түсінігі енгізіліп,

ол «дәстүрлі дипломатияға балама түріндегі, азаматтардың бірлестігі, ақпараттық-коммуникациялық, гуманитарлық және т.б. мүмкіндіктерге сүйене отыра, сыртқы саяси міндеттерді шешудің кешенді құралы» ретінде бағаланған. Ресей Федерациясының «Сыртқы саясатының тұжырымдамасында» шетелдерде өмір сүретін Ресей азаматтары мен отандастардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау мәселесі Ресей сыртқы саясатының негізгі мақсаттарының аясында қарастырылады. Ресей Федерациясы сепаратистік аумақтардағы тұрғындарға Ресей азаматтығын беру мәселесін де біршама жеңілдетіп тастаған. Мысалы, Оңтүстік Осетия халқының шамамен 90 пайызында Ресей паспорты бар екендігі бұқаралық ақпарат беттерінде жарияланған. Осындай тұлғалар арқылы көршілес жатқан мемлекеттерге өзінің әлеуетті ықпалын арттыру Ресейдің қазіргі кездегі саяси тәжірибесіне айналып отыр.

Айтылған мәселелердің барлығы қазіргі Украинадағы жағдайға тікелей ықпал етіп отырған дүние. Референдум – бұл Ресей Федерациясының «Жұмсақ күш» жобасының тікелей көрінісі. Яғни гибриді түрде «Жұмсақ күш» элементтерін және әскери операцияны біріктіре отырып, өзінің геосаяси мүдделерін жүзеге асырудың бір тәсілі. Осы мәселелердің барлығын саяси реализм астарында қарастырған жөн. Г.Моргентау ұсынған классикалық реализмнің негізгі қағидаттары бойынша: саясат объективті заңдармен басқарылады, оның негізін адамның табиғатымен байланыстыра қарастыру керек; саяси реализмнің өзегін ұлттық мүдде тұжырымдамасы құрайды, ал, ол өз кезегінде күш ұғымы арқылы анықталады; шынайы саясат және мораль арасында қайшылықтар туындайды; ұлттық мүдде тұжырымдамасын моральдық көзқарас тұрғысынан ғана қарастыруға болмайды.

Біздің еліміз үшін де осындай қауіп-қатерге толы кезеңде барлық мәселені «Ұлттық мүдде» шеңберінде жүргізген өте өзекті мәселе ретінде қарастырылып отыр. Украинаға қатысты өз ұстанымын ел Президенті Қ.Тоқаев Петер-

бург халықаралық экономикалық форумында ДХР және ЛХР-ды квазимемлекеттік бірлестіктер ретінде қарастыратынын білдірді.

Украинадағы референдум болашақта әлемнің саяси картасында сепаратистік қозғалыстарды көбейтіп жіберуі мүмкін. Қ.Тоқаев айтып өткендей: «Егер ұлттардың өзін-өзі анықтау құқығы іс жүзінде жүзеге асырылса, онда БҰҰ құрамына кіретін 193 мемлекеттің орнына жер бетінде 500 немесе 600-ден астам мемлекет пайда болады, әрине, бұл хаос болады».

Дегенмен, Ресей Федерациясының «Коммерсантъ» газетіне берген интервьюінде Қ.Тоқаев: «Бізді байланыстыратын нәрсе көп, ол өзегі жағынан ажырамас: көпғасырлық ортақ тарих, біртұтас мәдени және рухани кеңістік, ажырамас экономикалық байланыстар, әлемдегі ең ұзақ шекара. Біз өз халықтарымыздың достығын қорғауымыз керек. Бұл менің Қазақстанның екінші Президенті ретіндегі жауапкершілігім» деп айқындауынан Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы Еуразия бағыты, оның ішінде Ресей Федерациясымен қарым-қатынасының маңызды екенін аңғарамыз.

Ал, қазір әлеуметтік желілерде Ресейге қатысты, орыстарға қатысты негативті ақпараттар, пікірлер көптеп таралып отыр. Әрине, әскери операцияны айыптау, соғысқа қарсы тұру барша адамзаттың міндеті. Дегенмен, «ақпараттық соғыстар» арқылы екі ел арасында сызат түсіру қаупі де бар екендігі баршаға мәлім. Осы жағдайларда Қазақстан Республикасы үшін өзінің мүддесі тұрғысынан саяси шешімдер қабылдап, мұндай қақтығысқа тартылып кетуден баршық болу аса өзекті. Осы орайда, ел Президенті Қ.Тоқаев ұстанып отырған саясат заман талабына сай прагматикалық саясат екендігін ерекше айту маңызды.

**Сәкен МӘЖІНБЕКОВ,**  
**саясаттанушы,**  
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік**  
**Қазақстан университетінің**  
**«Саясаттану» кафедрасының**  
**меңгерушісі.**